

## **"Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы**

Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 29 мамырдағы № 100 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда көрсетілген Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін оның Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Д.Тәжібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Е.А. Әлімқұлов*

*Е. Кенжеханұлы*

*Н.О. Көшеров*

*Б.Д. Тәжібаев*

*Қ.Ә. Қайыпбек*

*А.Б. Тасыбаев*

*Д. Сатыбалды*

Түркістан облысы әкімдігінің  
2023 жылғы "29" мамырдағы  
№ 100 қаулысы

**"Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) спорт және дене шынықтыру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Басқарманың ведомстволары жоқ.

3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Басқарма ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарма егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, 162 квартал, участок 118, пошталық индексі 161200.

10. Осы Ереже басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер басқарманың заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

**2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері**

13. Мақсаттары:

1) дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдардың, сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралардың қатысушылары мен көрермендерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу орындарында қоғамдық тәртіпті сақтау;

2) ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт түрлерін дамыту;

3) дене шынықтыру мен спортты қолдау және ынталандыру;

4) әлеуметтік және білім беру функцияларын, сондай-ақ ерікті қызмет қағидатына негізделген олардың құрылымының ерекшелігін ескере отырып, спорттың барлық түрлерін дамытуға жәрдемдесу.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

заңнамамен бекітілген тәртіпте мемлекеттік органдардан, басқа да ұйымдардан өз қызметін жүзеге асыруға қажетті мәліметтер сұратуға, сондай-ақ, басқа мемлекеттік органдарға мәліметтер ұсыну;

Басқарманың қарамағындағы ұйымдарды құру, қайта құру және тарату бойынша облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізу;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2) міндеттері:

Басқарманың құзыретіне жататын мәселелер бойынша облыс әкімдігі мен әкімі актілерінің жобаларын дайындауға қатысу;

Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

15. Функциялары:

1) жеке тұлғалардың спортпен айналысуы үшін, оның ішінде халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына қолжетімді болуы ескеріле отырып, тұрғылықты жері бойынша және көпшілік демалатын орындарда инфрақұрылым құру;

2) аккредиттелген республикалық және (немесе) жергілікті спорт федерацияларымен бірлесіп, облыстық, оның ішінде ардагер спортшылар арасында спорттық жарыстар өткізу;

3) аккредиттелген республикалық спорт федерацияларымен бірлесіп дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган өткізетін республикалық және халықаралық спорт жарыстарын, оның ішінде ардагер спортшылар арасында өткізуге қатысу;

4) спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларды даярлауды және олардың республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуын қамтамасыз ету және ұйымдастыру;

5) облыс аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз ету және ұйымдастыру;

- 6) облыс аумағында дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіру;
- 7) облыс әкімдігіне дене шынықтыру даярлығының, оның ішінде бейімдемелі дене шынықтыру мен спорттың балалар-жасөспірімдер клубтарын құру туралы ұсыныстар енгізу;
- 8) білім басқармасының келісімі бойынша тұрғындар үшін спорт секцияларының жұмысын қамтамасыз ету және спорттық іс шараларды өткізу мақсатында сабақтан тыс және кешкі уақытта спорт ғимараттарын білім беру ұйымдарын пайдалану жөнінде шаралар қабылдау;
- 9) спортшыларға "Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат", 1-разрядты спортшы спорттық разрядтарын беру, спортшыларды спорттық разрядтардан айыру;
- 10) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, бірінші санатты спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру, біліктілік санаттарынан айыру;
- 11) аккредиттелген өңірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өңірлік күнтізбесін бекіту және оның іске асырылуын қамтамасыз ету;
- 12) облыс аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуді үйлестіру;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша және мерзімде облыс аумағында дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асыру және дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға ұсыну;
- 14) жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеуді жүзеге асыру;
- 15) олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждері және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттар үшін спорт түрлері бойынша үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру;
- 16) олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерінің және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттардың үлгілік оқу жоспарларын келісу;
- 17) аккредиттелген өңірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша құрама командалардың облыстық тізімдерін қалыптастыру және бекіту;

18) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізу;

19) ресми дене шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

20) дене шынықтыру және спорт іс - шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

21) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын пайдалануды үйлестіру;

22) спорт мектептеріне, спорт мектептерінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" деген мәртебе беру;

23) халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған спорттық ғимараттарды жобалау үшін техникалық өзіндік ерекшеліктер мен техникалық тапсырманы республикалық аккредиттелген спорт федерацияларымен келісу;

24) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту жөнінде облыс әкімдігіне ұсыныстар әзірлеу және енгізу;

25) облыс әкімдігіне дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен келісімді бекітуге спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін әзірлеу және ұсыныстар енгізу;

26) дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерінің жұмысын ұйымдастыру;

27) бюджет қаражаты көлемі шегінде балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларын қаржыландыруға мемлекеттік спорттық тапсырыс бекіту бойынша облыс әкімдігіне ұсыныстар енгізу;

28) мемлекеттік спорттық тапсырыс қызметтерін көрсетушілердің меншік нысанына, олардың ведомстволық бағыныстылығына, типтері мен түрлеріне қарамастан балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларында мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастыруды қамтамасыз ету;

29) электрондық және жалпыға қолжетімді форматтарда мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастырудың, оның сапасын бақылаудың және нысаналы игерілуінің барлық кезеңдері мен рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;

30) өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

**3-тарау. Мемлекеттік органның, бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Басқарманы басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Басқарма басшысына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарманың бірінші басшысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Басқарма бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Басқарма бірінші басшысының өкілеттігі:

1) басқарма қызметін ұйымдастырады және басқарады;

2) басқармаға жүктелген міндеттер мен қызметтердің, облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімі орынбасарының тапсырмаларының орындалуына дербес жауапты болады;

3) қолданыстағы заңнамаларға сәйкес басқарманың қызметкерлерін, сондай-ақ, қарамағындағы ұйымдардың басшыларын және олардың орынбасарларын жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

4) қолданыстағы заңнамаларға сәйкес басқарманың қызметкерлерінің, "сондай-ақ, қарамағындағы ұйымдардың басшыларының міндеттері мен уәкілеттіктерін анықтайды ;

5) басқарма атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

6) мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда басқарма мүддесін ұсынады;

7) келісім-шарттар жасасады;

8) сенімхаттар береді;

9) банкте шоттар ашады;

10) өз уәкілеттігі шегінде барлық басқарманың қызметкерлеріне және қарамағындағы ұйымдардың басшыларына орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) басқарманың қызметкерлеріне, қарамағындағы ұйымдардың басшыларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сыйақы шараларын белгілейді және тәртіптік жаза қолдана алады;

12) сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне қарсы әрекеттерді күшейту бойынша шаралар қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына дербес жауапты болады;

13) Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы Ережемен және облыс әкімдігі мен оған жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Басқарманың бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі**

21. Басқарма заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Басқармаға бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

коммуналдық мемлекеттік мекемелер:

1) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түркістан облысының Олимпиада резервін даярлау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түркістан облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлері бойынша жоғары спорт шеберлігі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Бекзат Саттарханов атындағы Түркістан облыстық олимпиада резервінің мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Облыстық мүгедектерге арналған "Сауран" спорт клубы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түркістан облыстық № 1 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түркістан облыстық № 2 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түркістан облыстық № 3 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түркістан облыстық № 4 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түркістан облыстық № 5 олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түркістан облыстық № 6 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

12) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түркістан облыстық су спорты түрлерінен олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

13) Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының "Балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған облыстық футбол мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

14) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Арыс қалалық № 1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

15) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Арыс қалалық № 2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

16) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Арыс қалалық № 3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

17) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Кентау қалалық Б.Саттарханов атындағы № 1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

18) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Кентау қалалық № 2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

19) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Кентау қалалық № 3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

20) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Кентау қалалық № 4 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

21) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түркістан қалалық № 1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;





35) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қазығұрт аудандық № 2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

36) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қазығұрт аудандық № 3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

37) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қазығұрт аудандық № 4 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

38) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Мақтаарал аудандық № 1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

39) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Мақтаарал аудандық № 2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

40) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Ордабасы аудандық № 1 Қажымұқан атындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

41) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Ордабасы аудандық № 2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

42) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Ордабасы аудандық № 3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

43) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Отырар аудандық № 1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

44) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Отырар аудандық № 2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

45) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Сайрам аудандық № 1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

46) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Сайрам аудандық № 2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

47) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Сайрам аудандық № 3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

48) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Сарыағаш аудандық Қажымұқан атындағы № 1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

49) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Сарыағаш аудандық № 2 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

50) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Сарыағаш аудандық № 3 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

51) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Сарыағаш аудандық № 4 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

52) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Созақ аудандық № 1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

53) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Созақ аудандық № 2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

54) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Төлеби аудандық № 1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

55) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Төлеби аудандық № 2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

56) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Төлеби аудандық № 3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

57) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түлкібас аудандық № 1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

58) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түлкібас аудандық № 2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

59) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түлкібас аудандық № 3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

60) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түлкібас аудандық № 4 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

61) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Шардара аудандық № 1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

62) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Шардара аудандық № 2 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

63) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Шардара аудандық № 3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындар:

64) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түркістан облыстық Әбдісәліан Нұрмаханов атындағы олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ;

65) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түркістан облыстық ұлттық спорт түрлерінен мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

66) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Қыран" футбол клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

67) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Бәйшешек" спорттық-сауықтыру кешені" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

68) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Облыстық дәрігерлік - дене тәрбиесі диспансері" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

69) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Тұран" ойын түрлері клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

70) Түркістан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының "Орталық су-спорт кешені" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

71) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Тұран" кәсіби футбол клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

72) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Turkestan-Arena" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

73) Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының "Түркістан" кәсіпқой бокс клубы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны."